


Бекітемін
Қазақстан Республикасы Төтенше
жағдайлар министрі

В. Божко
2014 жылғы « 4 » наурыз

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік
материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту,
броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлік комиссияның
жұмыс регламенті

1. Мемлекеттік материалдық резервтен (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) материалдық құндылықтарды шығару жөніндегі тендерлік комиссия (бұдан әрі – тендерлік комиссия) Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 186 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік резервінен материалдық құндылықтарды шығару (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) тендерін дайындау және өткізу ережесіне (бұдан әрі – Ереже) сәйкес өз жұмысын жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 6 ақпандағы № 40 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резерв комитеті мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендердің ұйымдастырушысы болып табылады.

3. Тендерлік комиссия құрамына төраға, төраға орынбасары және тендерлік комиссия мүшелері кіреді.

Тендерлік комиссия төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.

4. Тендерлік комиссия мүшелері санының үштен екісінен кем емес қатысушы және төрағасы немесе оны ауыстыратын тұлға қатысқан жағдайда ғана комиссия отырысы заңды болып есептеледі.

5. Тендерге қатысу туралы өтінім болған жағдайда тендер 2014 жылғы сәуір-желтоқсан аралығында әрбір сәрсенбі күні сағат 11.00-де өткізіледі.

6. Тендерлік комиссияның хатшысы өтінімдер бар екендігін әр сейсенбі сайын сағат 18.30-да тендерлік комиссия мүшелеріне хабарлайды.

7. Тендерге қатысу туралы өтінім тендер болатын уақытқа дейін тендерлік комиссия хатшысының сейфінде мөрленген конвертте сақталады және тендерлік комиссия отырысында ашылады.

8. Хатшы тендерлік өтінімдерді қарау нәтижесі туралы жазбаша хабарландыруды дайындап, үміткелерге факс, пошта, электрондық пошта арқылы сканерден өткен нұсқа түрінде тендер өткен күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде жолдайды немесе үміткер хабарламаны қолма-қол алуына болады.




9. Тендерлік комиссия отырысының хаттамасын тендер өткен күні хатшы дайындайды және тендер мүшелері қол қояды, және де www.emer.gov.kz сайтының «Мемлекеттік сатып алулар» бөлімінің «Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарды шығару тендері» бөлімшесінде және www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылады.


10. Тараптардың мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару шарттарын дайындау және қол қою тендерлік комиссияның хаттамалық шешімі негізінде жүзеге асырылады.


11. Тендерлік комиссия отырысы аудио – видео жазбаларымен қоса жүргізіледі.

Комиссия төрағасының орынбасары:


М.А. Нұршаев 


Комиссия мүшелері:


Н.Ф. Айғараев 


С.К. Сабырбаева 

Н.Б. Абдрахманов 

Т.Р. Кирибаев 

А.А. Төлегенова 

Б.А. Өскенбаев 

Ж.М. Тілеубергенова 

Комиссия хатшысы:

Н.М. Иманбаев 